



№47 (8199)
27 қараша
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой

Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylloi
ken_jylloi_gazeti

* Денсаулық

«Жыл сайын қайталанатын маусымдық инфекция»

Соңғы апталарда ауданда балалар арасында инфекциялық аурулардың таралуы қарқын алып, медицина көмегіне жүгінушілер саны айтарлықтай артты. Балабақша мен мектептерде сырқаттану деректері жиілеп, ата-аналар мен педагогтер алаңдаулы. Денсаулық сақтау мамандары жағдайды жіті бақылауда ұстап, тұрғындарға сақтық шараларын күшейтуді ескертуде.

Қазіргі таңда аудандық ауруханада 50-ге жуық наукас ем қабылдап жатыр. Дәрігерлердің айтуынша, сырқаттанғандардың басым бөлігі – балалар мен жүкті әйелдер. «Үй ішінде бір адам ауырса, өзгелеріне жұқтыруы жиілеп отыр. Қазір бір үйден үш баладан келіп, ауруханада ем алып жатқандар бар» дейді мамандар.

Ақ халаттылардың мәліметінше, балалар арасында таралып жатқан инфекцияның алғашқы белгілері – дене қызуының 39–40 градусқа дейін көтерілуі, әлсіздік, тамақтың қатаюы мен ауыруы, бас айналу, тәбеттің төмендеуі және улану белгілері. Ата-аналар балалардың қызуы ұзақ уақыт түспейтініне алаңдаулы. Көп жағдайда жөтел мазалайды.

Аудандық аурухана менгерушісі Злиха Құлғазиева дүрбелеңге бой алдыруға негіз жоқ екенін айтып отыр. Оның сөзінше, қазіргі жағдай маусымдық эпидемиологиялық кезеңге тән құбылыс.

Күзгі уақытта вирустық респираторлық инфекциялар мен тұмау маусымы басталады. Бұл – жыл сайын қайталанатын маусымдық инфекция. Сол себепті біз алдын ала дайындық жұмыстарын жүргіздік. Екпе алу, маска тағу, инфекциялық қосымша орындар дайындау шаралары қолға алынды.



Бүгінде жоғары температура, қызу, жөтел сияқты белгілермен келетін балалар көбейді. Бұл – қалыпты жағдай. Дәлізде жатқан наукас жоқ, орын жеткілікті, – деді аурухана менгерушісі Злиха Құлғазиева.

Мамандардың айтуынша, вирус көбіне ауа-тамшы жолы арқылы таралады. Әсіресе, балалар мен егде жастағы адамдар арасында жиі кездеседі.

Дәрігерлер ата-аналарға өз бетінше емдом жасаудан сақ болып, ауру белгілері байқалған жағдайда учаскелік дәрігерді шақыру қажеттігін қатаң ескертеді.

Маусымдық тұмаудың белең алуына байланысты жедел жәрдем, фельдшерлік бекеттер және мобильді бригадалар күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр.

А.МАХАМБЕТОВА

* Партия пәрмені



Ауылдың әлеуетін көтеру – басты міндет

«Ауыл» партиясының Атырау облысы бойынша өңірлік филиалының төрағасы Нұртас Байжанов Жылыойға арнайы іссапармен келіп, жергілікті тұрғындармен кездесу өткізді. Шараға аудан әкімінің орынбасары Ерлан Нұрланов, «Ауыл» партиясының аудандық филиалы төрағасы Жасұлан Балағұлұлы кездесуге қатысты.

Сондай-ақ «Ауыл» партиясы жанынан құрылған «Мейірім құшағы» әйелдер, балалар және отбасы істері жөніндегі комиссияның облыстық төрайымы Ақмарал Мәдиқызы мен аталған комиссияның аудандағы төрайымы Гүлдана Нұрбекқызы да облыстық партия төрағасының халықпен кездесуінде қатысушылар қатарынан табылды.

Биыл ауыл үшін маңызды бастамаларға ұйытқы болып келе жатқан саяси ұйым – «Ауыл» партиясының құрылғанына 25 жыл толды. Ширек ғасыр ішінде партия елдегі ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытында іргелі жобаларды, тың идеяларды жүзеге асырды. Осы уақыт ішінде ауылдағы ағайынның мүддесін қорғауды мақсат тұтқан, тек қана ауылдың емес, ауылды дамыту арқылы елдің әлеуеті мен экономикасын арттыруды көздейтін жанаһыр жандар жиналды бұл партияда.

Біз сіздермен ауылдың дамуы, елдің азық-түлік қауіпсіздігі, аграрлық саланың болашағы және «Ауыл» партиясының нақты атқарып жатқан жұмыстары туралы ашық әңгіме жүргізу үшін жиналып отырмыз. «Ауыл» партиясы халқына уәде беріп қана қоймай, сол уәдесін жүйелі түрде орындай алатын саяси күш. Біздің басты міндет – ауыл тұрғындарының өмір сапасын жақсарту, жерді тиімді пайдалану, шаруаны қолдау және ауыл жастарына мүмкіндік беру, – деді кездесудегі алғы сөзінде өңірлік партия төрағасы Н.Жарылғасынұлы.

Төрағаның айтуынша, бүгінде Мәжілісте – 8, өңірлердегі мәслихаттарда 226 депутат ауыл мәселелерін шешу жолында тұрақты жұмыс істеп келеді. Ал партияның сайлауалды бағдарламасында 24

негізгі міндет бар. Осы бағыттар бойынша нақты нәтижелер де баршылық. Атап айтсақ, партияның ықпалымен «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы» заң әзірленді. Бұл – елді азық-түлік дағдарысынан қорғауға бағытталған стратегиялық құжат. Агробанк құру туралы заң жобасы басталды. Мақсат – фермерге арзан, қолжетімді несие беру, ауыл шаруашылығын дамытуға нақты қаржы тегітін ұсыну. Жайылым тапшылығы бойынша әділ бөлуді қамтамасыз ететін заңнамалық түзетулер енгізілді. Аграрлық саланың еңбек сіңірген қайраткері енгізілген. Соңғы екі жылда партия депутаттары 100-ден астам депутаттық сауал, Үкіметке 800-ден астам нақты ұсыныс жолдады.

Ал аудандық «Кен Жылой» мәдениет үйінде өткен жиында аудандық шаруа қожалық өкілдері мен иелері ауыл шаруашылығы саласының бүгінгі жай-күйін қозғады. Бірі малға азық болар жоңышқа егуге бос жер телімін сұраса, бірі ауыл жастары арасындағы жұмыссыздық мәселесін көтерді. Сондай-ақ қожалық иелері мал шаруашылығын дамыту үшін жер көлемін кеңейту жайын, электр желісін тарту, төрт түлік өсіру шаруашылығында ең керекті мамандық иесі – ветеринария саласы мамандарын баспанамен қамтамасыз етіп, олардың біліктілігін арттыру да кездесуде кеңінен қозғалды. Сонымен қатар тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты басқа да сұрақтар талқыланды. Кездесу барысында көтерілген мәселелер партия тарапынан бақылауға алынып, тиісті органдарға жеткізілетіндігі атап өтілді.

Ш.ХАМИТОВА

Бүгінгі сандық

БІР ПАРА –
ЕКІ
ҚЫЛМЫСКЕР



3-БЕТ

* Естелік

Жүректегі шұғыла

Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қолым қалт еткенде көлденең көзден жасырып өлең шатпақтайтыным бар еді. Абыройымды асыру, атағымды шығару үшін емес еді. Ондай оңды ой менде қайдан болсын?! Әрине, кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиетінің қарыштап дамыған, қарқындап өскен алтын дәуірінің біздің бозала таңды боз-бала шағымызға сәйкес келуі – адами болмысымыздың қалыптасуына елеулі ықпал етті деп есептеймін. Біздің арамызда кітап оқудан бәсекелестік мықты дамыған еді. Бұл мұғалімдердің еңбегі ғана емес, мезгіл туындатқан тұғырлы тәлім, ғұмырлы ғибрат болатын. Ендеше еліктеу арқылы басталған алғашқы қадам – ақындық емес, албырт көңілдің айналасындағыларға айта алмаған сырының қағазға түскен көшірмесі деп қабылдау керек шығар?!
4-БЕТ

* Баспасөз - 2026

Кен Жылой

ГАЗЕТИНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



ИНДЕКС:
65583

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН: 1 ЖЫЛҒА - 8559, 20 ТҒ.

6 АЙҒА - 4279,60 ТҒ.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН: 1 ЖЫЛҒА - 4769, 44 ТҒ.

6 АЙҒА - 2384, 72 ТҒ.



№47 (8199)
27 қараша,
2025 жыл

* Қаулы

Аудандық маңызы бар Құлсары қаласының көшелеріне атау беру туралы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 5-1) тармақшасына сәйкес, қала тұрғындарының пікірін ескере отырып және республикалық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 7 қарашадағы қорытындысы негізінде, Жылыой ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ**

ЕТЕДІ және Жылыой аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**
1.Аудандық маңызы бар Құлсары қаласындағы көшелерге келесі атаулар берілсін:
1)№30 көшеге – Қызылқұл Бектембаев көшесі;
2)№48 көшеге – Мырзағали Шоқпаров көшесі;

3)№49 көшеге – Жұмаддин Әлдекенұлы көшесі;
4)№262 көшеге – Кабас Сатаев көшесі.
2.Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
Лауазымы **Аты-жөні**

О присвоении наименований улицам города Кульсары районного значения

В соответствии с подпунктом 5-1) статьи 12 Закона Республики Казахстан «Об административно-территориальном устройстве Республики Казахстан», с учетом мнения населения города и на основании заключения республиканской ономастической комиссии от 7 ноября 2025 года акимат Жылыойского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ** и Жылы-

ойский районный маслихат **РЕШИЛ:**
1.Присвоить улицам в городе Кульсары районного значения следующие наименования:
1)улице №30 - улицу Кызылқұл Бектембаев;
2)улице №48 - улицу Мырзағали Шоқпаров;
3)улице №49 - улицу Жұмаддин

Әлдекенұлы;
4) улице №262 - улицу Кабас Сатаев.
2. Настоящее совместное постановление и решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.
Должность **Ф.И.О.**

* Салық

Кодекстегі өзгерістер

Биыл 18 шілдеде жаңа Салық кодексіне қол қойылды. Жаңа Салық кодексіндегі ең негізгі өзгерістердің бірі: Салық есептілігінің нысандары 30% - ға қысқарды.

Жаңа Салық кодексі шеңберінде қолданыстағы 39 салық есептілігінен 12 салық есептілігі (30%) жойылды. (101.01 (автоматтандыру), 180.00 (100.00-де қосымша болады), 240.00 (270.00-де қосымша), 421.00 (400.00-де қосымша), 540.00 (100.00-де қосымша), 560.00 (590.00-де қосымша), 570.00 (590.00-де қосымша), 701.00, 871.00 (СЕН-нен шығарылады), 911.00, 912.00, 913.00).

Оның ішінде:
- Жер салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебі жойылды;
- Салық сомасы 1 млн теңгеден кем болған кезде мүлік салығы бойынша ағымдағы төлемдердің есебі жойылды;
- Арнаулы салық режимі және ҚҚС бойынша декларацияны алдын ала



толтыру жүзеге асырылады;
- Салық есептілігі белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, мұндай есептілігі «0»-дік көрсеткішпен ұсынылған болып есептеледі. Салық төлеуші осы салық кезеңі үшін қосымша салық есептілігін ұсына алады;
- Салық есептілігін ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік жойы-

лады;
- Салық есептілігін ұсыну мерзімін ұзарту мен кері қайтарып алу қарастырылмаған. Барлық өзгерістер қосымша декларациялар арқылы жүзеге асырылады.

А.Ж.САТЫБАЛДИЕВА,
«Өндірістік емес төлемдерді әкімшіліктендіру» бөлімінің бас маманы

«Жылыой аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, келесі мекен-жай бойынша: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Жаңа Қаратон кенті, Б.Ержанова 642, №22 мектептің спорт залы ғимаратында, 2025 жылғы 29 желтоқсанда, сағат 15:00-де, «Атырау облысы, Жылыой ауданы, Жаңа Қаратон ауылындағы көріз желілерінің көріздік сорғы стан-саларын қайта құру. Түзету» жобасына қоршаған ортаны қорғау бөліміне ашық жиналыс өткізеді.

Геологиялық бөлу координаттары: СЕ 46°54'50.6", ШБ 53°53'56.0" Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Жылыой ауданы.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: Zoom <https://us06web.zoom.us/j/85477675113?pwd=EVPWtLzDxlwMxjl63gJezlNcDauA.1>

Жеке конференцияның идентификаторы: 854 7767 5113. Кіру коды: 974589
Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.
Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz / Тел.: 8(7122)32-55-09, БСН 050140002850.

Тапсырыс беруші: Жылыой аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ. Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Жылқышы Изтурған,7. ЖСН 180140000563.

Орындаушы: «ЕРС Projects» ЖШС. Қазақстан Республикасы,Атырау қаласы, Құрманғазы к-сі 73, №2 кенсе. ЖСН 070440007300.

Қосымша ақпаратты мына эл. мекен-жай бойынша алуға болады: info@ercproject.kz және +7 701 112 49 63 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

«Sigma Solutions» ЖШС 2025 жылдың 8 желтоқсанынан бастап Атырау облысы, Атырау қаласы, Оңтүстік кенті, 27-ші көше мекен-жайында «Қоршаған ортаны қорғау»: «Әкімшілік үй-жайлары бар өндірістік цех құрылысы» бөлімі бойынша 5 жұмыс күні бойы қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.
ҚОҚ бөлімінің әзірлеушісі: ЖК «АТМОС-ФЕРА» ЖСН 910511451178, БҚО, Орал қаласы, Имашев көшесі-10, тел.: 8(705)802 02 99, email: atmosphera_kz@mail.ru.
Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында (<https://ndbecology.gov.kz/>) танысуға болады.

ТОО «Sigma Solutions» сообщиает, что с 8 декабря 2025 года в течении 5 рабочих дней будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по разделу «Охрана окружающей среды»: «Строительствопроизводственного цеха с административными помещениями» по адресу: Атырауская область, г. Атырау, п.з. Онтустік, ст-е 27.
Разработчик раздела ООС: ИП «АТМОСФЕРА» ИИН 910511451178, ЗКО, г.Уральск, ул.Имашева 10, тел.:8(705)802 02 99, email: atmosphera_kz@mail.ru.
С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (<https://ndbecology.gov.kz/>) для представления замечаний и предложений.

Асыл жар, асқар тау әке,
ардақты ата

**ЕЛСЕЙТОВ
СҰЛТАНГЕРЕЙ
МҰҚАНҒАЛИҰЛЫНЫҢ**

40 күндік қадесі 30 қараша, сағат 10:00-де өтетінін ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, дос-жаран, көрші-көлем және өкеміздің көзін көрген барша жамағатқа хабарлаймыз.

Мекен-жайы:
Ү.Әбдірахманов к-сі, 23,
«Нұрасыл» мейрамханасы.

Хабарлаушы:
жұбайы, балалары



НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 08.11.2025 жылы қайтыс болған аз. Шонаев Файзулла Шуақбаевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кенсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 17.08.2025 жылы қайтыс болған аз. Уйқасбаев Амангельдинның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кенсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Құнанова Ш.Қ. (лиц.№0001214 ҚР Әділет министрлігімен 18.11.2002 ж. берілген) хабарлайды: 28.10.2025 жылы қайтыс болған аз. нуржанов Райкул Ыбраевичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, ПНГС, Б.Бойжанов к-сі., №2 үй, №7 кенсе. Тел.: 8 (71237) 5 13 91.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 20 маусым 2025 жылы қайтыс болған аз. Сенебай Сүндет Сенебайұлының атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. (лиц.№18012660 ҚР Әділет министрлігімен 26.06.2018 ж. берілген) хабарлайды: 27 қазан 2025 жылы қайтыс болған аз. Исмагулов Темирхан Жакашовичтің атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 81/8. Тел.: 8 (701) 738 88 39.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 18 қараша 2025 жылы қайтыс болған аз. Тюезельбаева Куляштың атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

ЖАРНАМА ТЕЛЕФОНЫ:

8-701 413 95 22



4-ауыл, Автомектепке қатарлас,
«Жанат» дүкеніне қарама-қарсы,
Қараманов көшесі, №550 үй
жиһаздарымен келісім бойынша са-
тылады.
Тел.: 8-702 324 48 48.

"Кең Жылой" газетінің сай-
тына, 20 700 оқырманы бар инста-
грам парақшасына жарнамалар
мен құттықтаулар қабылдаймыз.
Жарнама бөлімі.

Неміс есту аппараттары саты-
лады. Тел.: 8-70 101 05 91.

Лицензия №KZ60UBC00000788-28.07.2014
ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау
басқармасы.

Табинтаева Жемис
Қунашевнаның атына берілген
«Күміс алқа» алқасының
күәлігі жоғалуына байланы-
сты жарамсыз деп табылсын